

- 8) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;
- 9) әріптестерінен жоғары құқықтық және сабайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

3.2.Өз құзыры шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
- 2) құпиялылықты сақтау, қызметтік және мемлекеттік құпияларды қамтамасыз ету;
- 3) кәсіби (қызметтік) әдепті сақтау;
- 4) басқа тұлғалардың оны сыбайлас құқық бұзушылық жасауға итермелеу жағдайлары туралы жазбаша түрде басқарма басшысына, уәкілетті мемлекеттік органдарға дереу хабарлау;
- 5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтау, берілген өкілеттіліктерді тиімді қолдану, өзінің лауазымдық міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқару, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалану;
- 6) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылықтар көрсетілеу, олардың ықпалынан тәуелсіз болу;
- 7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік бабын пайдаланбау;
- 8) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қолдаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-қимылдар жасаудан аулақ болу;
- 9) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуды жүзеге асырмау;
- 10) әріптестері мен басшыларға өзара қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын (олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал ететін) өтінімдер жасаудан аулақ болу.

3.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

- 1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, сараптамалық қорытынды алу үшін міндетті түрде түсіндірме жазбаны қоса бере отырып, соның ішінде аталған жобаны кейін мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келісу барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жолдау;
- 2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, оларды сараптау кеңесі отырысында қарағанға дейін, интернет-ресурстарды қоса, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялау.

3.4. Қызмет саласының ерекшелігіне қарай туындайтын өзге де қарым-қатынастар кезінде:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, олардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарау, олар бойынша қажетті шаралар алу;